

3-секция. ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Акимбекова Гулзира Зейноллаевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, Қарағанды қ.
gulzira_akimbekova@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАҒАЛАУ, САЛЫСТЫРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

«Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа ала отырып, оқушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына және ұлттық әдеби мұраларымыздың құндылығын бағалай білуге бағыт-бағдар береді. Бірінші дағды-түсіну және жауап беру (ТЖ), екінші дағды-анализ және интерпретация (АИ), үшінші дағды-бағалау және салыстырмалы анализ (БС). Оқу бағдарламасында әр сынып бойынша білім дағдыларын қалыптастыру үшін оқу мақсаттарының жүйесі беріледі. Оқу мақсаттарын жүзеге асырудағы маңызды жағдай-оқушыларды шығармашылық дағдысын дамыту, сыни ойлауға бағыттау. Оқушы өз ойын ауызша еркін жеткізіп, жаза білуі мен өмірде туындаған мәселелерді шеше білуге дағдылануы керек. Сондай жағдайда оқушы тақырыпты өз бетімен меңгере отырып, өзіне жауапкершілік алады. Сонымен қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты—білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Қазақ әдебиеті пәні білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді [1; 1042].

Бүгінгі таңда оқу сапасын арттыруға бағытталған сабақтағы іс-әрекетті зерттеу негізінде мұғалім сабақты жоспарлау, оқыту, оқу, бағалаудағы қиындықтарды анықтай отырып, осы мақсатты оқу үдерісіне енгізіп, нәтижесін саралай алуы қажет. Алдымен оқытуда туындаған қиындықтар анықталды. Ойын еркін білдіре алмауы, өзіндік сыни ойынның қалыптаспауы, берілген тақырыпты ашуға қабілеті жетіспеуі, ойын аргументтер арқылы дәлелді, бейнелі сөздерді қатыстырып, көркем тілмен жеткізе алмауы секілді қиындықтар жазылымда туындайды. Осы проблемалар туындағандықтан, «Оқушылардың жас ерекшелігіне сай жазылым дағдыларын дамытатын тиімді әдістерді таңдап саралау» деген зерттеу жұмысының мақсаты негізделді. [2, 7]. Оқушыларға қиындық туғызатын, бағалау, салыстыру дағдыларын қалыптастыратын, жазылымға негізделген оқу мақсаттарын қарастырып көрейік. 5-сынып қазақ әдебиетінен «Тәрбиенің қайнар бұлағы» бөлімі бойынша Д.Бабатайұлы «Ақтан жас» тақырыбын оқытуда «5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу» оқу мақсаты берілген. Осы мақсат бойынша «Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңіндегі Ақтан жас тағдыры сізді алаңдата ма? Кейіпкерге өз сезімдеріңізді білдіре отырып, сыни хабарлама жазыңыз (50 сөз)» деген тапсырма ұсынылады. Оқушыларға алдымен сыни хабарлама туралы түсінік беріледі. *Сыни хабарлама – берілген сұранысқа жауап ретінде күмән келтіре отырып, қарсы сұрақ қоя отырып жауап хабарлама жазу.* Төмендегідей үлгі бастапқы сөйлем беріледі:

Ақтан жетімдіктің құрсауында қалып қоя ма? Бәлкім бала Дулат атасының өзіне арнаған арнау өлеңін тыңдап, жігерленіп, өз өмірі үшін күресетін шығар? Оқушылардың барлығы үлгіде берілген сұрақ бойынша «Иә, мен Ақтанның жетімдікті жеңіп, өз арман-мақсаттарына жететініне сенемін» деп дәлел келтіріп, сыни ойларын білдірген.

7 Т1 сыныптарында «Балалар мен үлкендер» бөлімі бойынша Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» тақырыбында «7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап,

адеби эссе жазу» [2,1049-б.] деген оқу мақсаты алынды. 2 сағатқа арналып әзірленген сабақтың қысқа мерзімді жоспарында берілген оқу тапсырмаларын қарастырайық:

Қызығушылықты ояту сатысында <https://wordwall.net/ru/resource> қосымшасында оқушылар шығармадағы ұлттық болмысты білдіретін сөздер жазылған шарларды дұрыс атып, тірек сөздер жазылған жүк арбаларына дұрыс орналастыру керек. Мысалы: Қару-найза т.б.

Мағынаны тану сатысында оқушыларға 3 тапсырма беріледі, тапсырма жеңілден күрделіге қарай сараланған.

1-тапсырмада «Сөздік қоржын» әдісі бойынша шығармада бейнеленген ұлттық құндылыққа қатысты сөздерді тауып жазады. Ең көп сөзді тауып жазған оқушылар жеңіске жетеді.

2-тапсырмада шығармадағы ұлттық құндылықтарды «Кесте» сызбасында анықтайды.
 Ұлттық құндылықтар

	Баянның отансүйгіштік қасиетінің шығармадағы көрінісі	Тұлғалар бейнесінің шығармадағы көрінісі	Ұлттық байлығымыз-жер атауларының шығармадағы көрінісі
Ерлік қасиетіне мысалдар келтір	Отанға деген махаббатты бауырға деген сезімнен биік қоюына дәлел келтір	Абылай, Бұқар, Тәтіқара, Қанай, Асан қайғы бейнелерін ашып, шығармадан дәлелдер келтір	Бөгенбай бастаған батырлардың ерлік бейнесін ашып тұрған бейнелі сөздер
			Ата-баба мұра Жер атауларын еткен жер атты сипаттауда автор құндылығымыз қолданған жайлы автордың көркемдік тәсілдер көзқарасы

Жоғарыда ұсынылған тапсырмадағы талдауға негіз етіп алған аргументтерді 2-тапсырма эссе жазуда қолданады. Эссе жазуда құрылымдық нұсқаулықты басшылыққа алады. [3, 6-б.] Кіріспе бөлімді жазуда 1,2,3 қадамдарды басшылыққа алады. Негізгі бөлімді жазуда 4-қадамды, қорытынды бөлімді жазуда 5-қадамды негізге алады. [3, 6]

1-қадам	Кіріспе Эссе тақырыбын түсінгені туралы сөйлем. Тақырыпты түсіну сөйлемі: Ұлт ақыны «Батыр Баян» шығармасында көтерілген мәселені жазыңыз.
2-қадам	Тақырыптың өзектілігі туралы жазу. Эссе жазуға себеп болған жайды хабардар етеді. Өзекті мәселе: шығармада көрініс тапқан ұлттық құндылықтарды көрсетіңіз.
3-қадам	Тезис (позиция, ұстаным, негізгі идея). Ұлттық құндылықтардың шығармадағы маңыздылығын 1 сөйлеммен білдір.
4-қадам	Негізгі бөлім Тезисті қолдаушы 1- пікір. Баянның отансүйгіштік қасиеттерін аш. Аталған қасиеттерді ашу үшін шығармадан аргументтер келтір. <i>Ескерту: 1-тапсырмадағы аргументтерді басшылыққа ал.</i> Талдау сөйлемі. Баянның бойынан... құндылықтарды аңғардық. Тезисті қолдаушы 2- пікір. -Поэмада суреттелген тұлғалар Абылай, Бұқар, Тәтіқара, Қанай, Асан қайғы бейнелеріне сипаттама бер. -Тұлғалар бейнесін ашып тұрған көркемдік тәсілдерге жырдан мысалдар келтір. -Бөгенбай бастаған батырлар бейнесін ашып, өз пікірінді білдір. -Батырлардың ерлік бейнесін ашып тұрған көркемдік тәсілдерге дәлелдер келтіріп, өз көзқарасыңмен түйінде. Талдау сөйлемі. Тарихи кейіпкерлердің ұлттық құндылығымызға қосар үлесін өз көзқарасыңмен білдір.

	<p>Тезисті қолдаушы 3- пікір. Ұлт байлығы -жер-су атауларын поэмаға кірістірудегі ақын мақсатын аш. Жер атауларын автор шығармада қалай сипаттаған, мысалдар келтір. Автор қолданған көркемдік тәсілдерге талдау жаса. Талдау сөйлемі. Ата-баба мұра еткен құндылығымызға автордың көзқарасы мен өз көзқарасыңды білдіріп, тұжырым жаса.</p>
5-қадам	<p>Қорытынды бөлім Қорытындылай келе, автор Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» туындысында бейнеленген ұлттық құндылықтар, атап айтқанда... өміршен, мәңгілік мұра болып қалады, себебі... <i>Ескерту. Көп нүктенің орнына өз ойын қосып, толықтырып жазады.</i></p>

Нұсқаулықтың дескрипторлары:

1. Шығармада көтерілген мәселені жазады;
2. Өзектілігін айқындайды;
3. Тезисін 1 сөйлеммен білдіреді;
4. Тезисті қолдаушы 3 пікір жазады;
5. Әр тезиске аргумент келтіреді;
6. Талдау көзқарасын білдіреді;
7. Эсседегі ойды қорытындылап, тұжырым жасайды.

Кері байланыс сұрағы:

1. Эссенің қай бөлігін жазуда қиындық туғызды?
2. Неліктен?
3. Қиындықты шешу жолдарын көрсет.

<https://kz.padlet.com/dashboard> қосымшасына сілтеме арқылы оқушылар кері байланыс сауалдарына жауап береді.

Кері байланыс мазмұны төмендегідей сипатта беріледі:

1. Сіз бағалау критерийлері бойынша қандай жетістіктерге жеттім деп ойлайсыз?
2. Эссе жазуда қандай кедергілер туындады, егер болса шешу жолдарын көрсет.
3. Берілген нұсқаулық эссе жазуда қаншалықты тиімді болды?

9-сыныпта «9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу» деген күрделі оқу мақсатымен қалай жұмыс жасатуға болады? 9 Т1 сыныптарында «Адам жанының құпиясы» бөлімі бойынша Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер – еркіндікке ұмтылған қазақ елінің символы» тақырыбы бойынша «9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;» деген оқу мақсаты алынды, сабақтың мақсаты мынадай сипатта құрастырылды. «Құлагер» поэмасының идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап әдеби эссе жазу». Эссе жазуда оқушылар құрылымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

Кіріспе бөлім	Негізгі бөлім	Қорытынды бөлім
<p>1. Эссе тақырыбын түсінгені туралы сөйлем 2. Тақырыптың өзектілігі туралы жазу 3. Тезис (позиция, ұстаным, негізгі идея) Тақырыпты түсіну сөйлемі <i>«Құлагер» поэмасында көтерілген мәселе, идеясы, «Құлагер» поэмасында көтерілген мәселе, идеясы (еркіндікке ұмтылған қазақ елінің символы), Құлагер секілді бостандықты аңсаушылар барлық халықта кездеседі.</i></p>	<p>Тезисті қолдаушы 1- пікір. <i>Жүйрік тұлпар Құлагер секілді еркіндікке ұмтылған, Отаны үшін күрескен қазақ батырлары мен әлемдегі батырлар тарихта қалған</i> Тезис Құлагер сияқты батырлық қасиеті бар халық мінезін ашуға байланысты қойылды. Соған қатысты тезистегі негізгі ойды қолдайтын пікір білдірілді. Аргумент қазақ халқы мен басқа да халықтар батырларына мысалдар келтіру Талдау сөйлемі деген мысалдар арқылы ...ойды жеткізді ...батырлар бейнесінде Құлагерге ұқсас қасиеттер бар. Абзацты қорытындылаушы сөйлем</p>	<p>Қорытындылай келе, Құлагер бейнесі арқылы жеткізгісі келгенқасиеттер көпке үлгі... (тезиске оралу). Олардың мақсаты – еркіндік пен тәуелсіздікте бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ету. Жер бетіндегі елдермен төрт құбыласы тең өмір сүру (негізгі бөлім абзацтарының түйіні)</p>

<p>Тақырыптың өзектілігі Эссе жазуға себеп болған жайды хабардар етеді. Өзекті мәселе- Құлагер секілді еркіндікті аңсаған қазақ және өзге халық бейнесін ашу</p> <p>Тезис Құлагер бейнесі- еркіндікке ұмтылған қазақ, әлем халықтарының символы</p>	<p>Мұндай Құлагер сияқты батырлар... символы</p> <p>Сонымен бірге, тезисті қолдаушы 2- пікір. Бәйге дүлдүлі Құлагер секілді тәуелсіздік жолында ерлік көрсеткен қазақ жастарының бейнесі. Тезис Құлагер сияқты еркіндікті аңсаған жастар мінезін ашуға байланысты қойылды Соған қатысты тезистегі негізгі ойды қолдайтын пікір білдірілді және тәуелсіздік жолында өздерін құрбан еткендер өзге халықтарда кездесетіндігі жайлы қосымша көзқарасы жеткізілді Аргумент қазақ халқы мен басқа да халықтардың өр жастары жайлы мысалдар келтіру Талдау сөйлемідеген мысалдар арқылы автор ...жеткізгісі келді ...жастар бейнесінде Құлагерге ұқсас қасиеттер бар. Абзацты қорытындылаушы сөйлем Мұндай Құлагер сияқты жастар... символы</p> <p>Тезисті қолдаушы 3- пікір Еркіндіктің символы Құлагердің бойындағы қасиеттердің бүгінгі адамдар бейнесінде кездесуі</p> <p>Тезис Құлагер сияқты еркіндікті аңсаған қазіргі заман адамдарының мінезін ашуға байланысты қойылды Соған қатысты тезистегі негізгі ойды қолдайтын пікір білдірілді Аргумент Еркіндік, бостандықты аңсау қасиеттерінің қазіргі әлем халқында кездесетіндігіне мысалдар келтіру Талдау сөйлеміосы мысалдар арқылы автор ...жеткізгісі келді Абзацты қорытындылаушы сөйлем Осындай қасиеттер... символы</p>	
---	--	--

Эссені бағалау критерийлері:

Бағалау критерийлері	Төмен	Орта	Жоғары
Эссенің әр бөлімінде талдау көзқарасын жүйелі жеткізеді.	Эссенің әр бөлімінде көзқарасын білдіруде логикалық бірізділікті сақтамайды.	Эссенің әр бөлімінде талдау көзқарасын білдіруде ой жүйесіздігі байқалады.	Эссенің әр бөлімінде талдау көзқарасын логикалық бірізділікпен толық жүйелі жеткізеді.
Эссе құрылымын сақтайды.	Эссе құрылымын сақтауда қиналады.	Эссе құрылымын сақтауда жүйесіздік байқалады.	Эссе құрылымын толық сақтайды.
Шығармадағы ұлттық құндылықтарды аргументтер ретінде келтіреді.	Шығармадағы ұлттық құндылықтарды аргумент ретінде келтіруде қиналады.	Маңызды аргументтерді тандауда сәйкессіздіктер байқалады.	Шығармадағы ұлттық құндылықтарды бейнелейтін маңызды ақпараттарды дұрыс келтіріп, сыни оймен көзқарасын білдіреді.
Сауатты жазады.	5,6 - дан көп қателер жібереді.	Емле, тыныс белгісінен 3,4	Ойын сауатты білдіреді, тыныс белгісінен 1,2 қате

Әдеби эссе жазады.	Тақырып мазмұнын ашу шектеулі, жанрлық ерекшелікті сақтамайды.	қателер жібереді. Тақырыптың мазмұнын, жанрлық ерекшелікті біршама сақтап әдеби эссе жазады.	жібереді. Тақырыптың мазмұнын толық ашып, жанрлық ерекшелікті сақтап әдеби эссе жазады.
--------------------	--	--	---

Қорытындылай келгенде, бағалау, салыстыру дағдысын дамытуға бағытталған осындай үлгідегі оқу тапсырмалары оқушылардың жазылым дағдысына қатысты қиындықтарды еңсеруге көмектесе отырып, өз ойын дәлелді мысалдармен талдап, бейнелі, көркем жеткізуге көмектеседі. Бұл оқу тапсырмалары оқу үрдісін, жұмыс түрлерін тиімді басқаруды, сонымен қатар өз оқуын табандылықпен жалғастыруды, оқудың ұзақ кезеңінде ықыласты болуды және оқудың мақсаттары мен міндеттерін сын тұрғысынан ойлап, күтілетін нәтижеге жетуді қамтамасыз етеді. Ал оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, шығармашылығын дамыту мақсатында тапсырмалар жүйесін ұсыну - өмір талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген) Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. 2022.-1042 б.
2. Пит Дадли. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері. Астана, 2013ж.-64 б. Эссе жазу бойынша әдістемелік құрал (қазақ тілі мен әдебиеті). ҚРБҒМ, Ұлттық тестілеу орталығы. 2019.-18 б.

Серікпай Әлима

Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
alima.syzdykova@bk.ru

Ғылыми жетекші:
Рахимов Б.С., ф.ғ.д., профессор

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ халқының рухани байлығының бір саласы – халық поэзиясы. Бұл пікірді қазақ елін аралап, құнды қазыналарымызды жинақтаған шетелдік ғалымдар да айтқан. 1770 жылы жарық көрген орыс саяхатшысы-географ Н.П.Рычковтың «Күнделік жазбалары» мен П.С.Палластың «Путешествия по разным провинциям Российского государства» деп аталатын еңбектерінде қазақ халқының поэзиясы туралы пікірлер қалдырылған. Нақты дәлел ретінде А.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегін атауға болады. Дәл осы еңбекте А.И.Левшин қазақ өлеңдерін батырлық тарихи жырлар, тұрмыс-салт жырлары лирикалық өлеңдер ретінде жіктеген [1; 136-138]. Қазақ халық өлеңдеріне қатысты П.Распаковтың [2], А.Диваевтың [3], М.В.Готовицкийдің еңбектері 1889 жылы жарыққа шыққан «О характере киргизских песен» атты еңбегіне тоқтала кеткен жөн. Себебі, осы еңбекте қазақ өлеңдерінің мазмұн-мағынасына қарай эпикалық, лирикалық және драмалық өлеңдер ретінде бөлген. Өзінің ескертуінде бұлай бөлуін төмендегіше түсіндірген: «Лирикалық өлеңдер табиғатты сипаттап, сүйіскен жастардың жолығысқан жерін, олардың айырылысуы мен аһ ұрған өлеңдерден құралған. Барлық шығыс поэзиясы секілді қазақ өлеңдерінде де теңеудің атқаратын рөлі ерекше. Бірақ, бұл парсы поэзиясындағыдай орынды-орынсыз тықпалап, шектен шыға қолданылатын метафораға ұқсамайды. Қайта, қазақ өлеңдерінің ерекше белгісі – оның ешбір боямасыз, қарапайымдылығында», - [4; 70-80] екендігін ерекшелік түскен екен. Қазақ өлеңдерінің жиналу ісіне араласқан ғалымдар тақырыптық, түр мен текке бөлулерді қалыс қалдырмаған. Айталық, Т.А.Сейдалиев және С.А.Жантөрин жинақтауларымен қарастырған 1872 жылы